

С.С.Сапарбаева¹ , А.Төреханұлы*¹ , Ғ.С. Жұман¹ , Б.О. Туребекова² ¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы*e-mail: saulet71@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНАҚҮЙ БИЗНЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ: ТҮНГІ АУДИТ ҮРДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Қонақүй бизнесі қаржылық тұрғыдан қатаң бақылауды талап ететін сала. Елдегі туризм дамыған сайын сапалы, санаты жоғары қонақүйлерге деген сұраныс арта түсті. Сұраныстың артуы қонақүйлерді экономикалық басқарудың жаңа жолдарын көрсетті және оның бірі түнгі аудит арқылы қонақүйдің күнделікті қаржылық жағдайына талдау жасау. Зерттеу мақсаты Қазақстандағы қонақүй бизнесін басқару сапасын арттыру мақсатында түнгі аудит процесінің мазмұнын, ұйымдастырылу ерекшеліктерін және оның қонақ үй қызметінің тиімділігіне әсерін жан-жақты зерттеу арқылы бұл процесті оңтайландырудың нақты жолдарын ұсыну. Мақалада түнгі аудит процесі, оның мәні мен ерекшеліктері келтіріліп, Қазақстан қонақүй нарығындағы тиімділігі жайлы талдау жасалынды. Қазіргі уақытта Қазақстанда жоғары санатты қонақүйлер санының артуы байқалады, бұл тақырыптың маңыздылығын көрсетеді. Мақаланы жазу барысында осы уақытқа дейін бұл тақырыпқа жазылған шетелдік авторлардың жұмыстары мен Қазақстандағы орналастыру орындары бойынша статистикалық ақпарат зерттелді. Елімізде бұл тақырып жайлы ғылыми жұмыстар саны аз болғандықтан, негізгі ақпарат көзі ретінде шетелдік әдебиеттер көп қолданды. Зерттеу барысында «түнгі аудит» термині халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылатынын және қонақ үй бизнесінде тиімді құрал болып табылатынын анықталды. Сонымен қатар, Қазақстан қонақүй саласында түнгі аудит процесінің қолданулы тәжірибесі мен болжамы жасалынды. Зерттеу нәтижесінде түнгі аудит қонақүйдің күнделікті табысы мен шығысын, қонақтардың төленбеген есептерін тексеру және болжам жасау үшін өте тиімді екендігі анықталды. Сондықтан, түнгі аудит Қазақстанның қонақүйлеріне, атап айтқанда жоғарғы санатты қонақүйлерге ұсынылатын тексеріс түрі деп айта аламыз.

Негізгі сөздер: Қонақ үй, түнгі аудит, қаржылық ашықтық, бухгалтерлік есеп, фронт-офис, дебиторлық берешек

Кіріспе

Бәсекелестік күшейіп, қонақтардың үміттері әр түрлі болып келе жатқан тез өзгеретін қонақүй индустриясы жағдайында басқару процестерін оңтайландыру маңызды мәселеге айналады. Түнгі аудит басқару жүйесінің негізгі элементі ретінде қаржылық ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, операциялардың жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, қолданыстағы түнгі аудит әдістері ескірген және нарықтың заманауи талаптарына бейімделмеген болуы мүмкін. Бұл түнгі аудиттің тиімділігін тереңірек талдауға, оның негізгі әлсіз жақтарын анықтауға және жақсартудың инновациялық стратегияларын әзірлеуге бағытталған зерттеуіміздің өзектілігін көрсетеді. Зерттеу мақсаты Қазақстандағы қонақүй бизнесін басқару сапасын арттыру мақсатында түнгі аудит процесінің мазмұнын, ұйымдастырылу ерекшеліктерін және оның қонақ үй қызметінің тиімділігіне әсерін жан-жақты зерттеу арқылы бұл процесті оңтайландырудың нақты жолдарын ұсыну.

Ғылыми зерттеу түнгі аудиттің техникалық аспектілеріне ғана емес, сонымен қатар оның қонақтар үшін бірегей және қанағаттанарлық тәжірибе жасаудағы рөліне қатысты сұрақтарға жауап іздеуге бағытталады. Мақалада ұсынылған қонақүй бизнесін оңтайландыру бәсекеге қабілеттілікті жақсарту және заманауи қонақжайлылық нарығының жоғары стандарттарын қанағаттандыру жолындағы маңызды қадам болады. Тақырыпты зерттеу кезінде ерекше назар аударатын мәселе ол, қонақүй бизнесі үшін түнгі аудиттің қаншалықты тиімді екенін анықтау. Сонымен қатар, түнгі аудиттің клиенттік қызметке әсерін қарастыру маңызды. Қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған заманауи әдістер қонақтардың қанағаттануын көрсетіп және тұтынушылардың адалдығын

анықтайды. Осы зерттеу барысында сондай-ақ саладағы үздік тәжірибелерге талдау жүргізілетін болады, бұл түнгі аудитті жүргізуді жақсарту және оны қонақүй бизнесін басқарудың жалпы стратегиясына интеграциялау үшін нақты шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде, еліміздегі қызмет көрсету саласын ұстанған қонақүйлердің барлығы дерлік күнделікті түнгі аудит процесін жүргізіп отырған жоқ. Көп ұйымдарда бұл ұғым бухгалтерлік жұмыс ретінде қарастырылады. Сол себепті, бұл жұмыста түнгі аудитордың қызметін бухгалтер қызметінен ажыратып, оны қалай тиімді жүргізу жолдарын ұсынылған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланың негізгі зерттеу сұрағы: Түнгі аудит Қазақстанның қонақүй нарығында қаншалықты тиімді? Тақырыпты толық ашу және ұсыныстар ұсыну мақсатында әдебиетке шолу, сандық деректерді талдау, салыстыру және анализ секілді зертеу тәсілдері қолданылды. Түнгі аудит шетелдік қонақүйлерде кеңінен қолданылғандықтан, шетелдік әдебиеттерге шолу жүргізілді және осы арқылы түнгі аудит ұғымы толықтай ашылып, оның міндеттері, кезеңдері және ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен бірге, Қазақстандағы орналастыру орындары бойынша Stat.gov ресми сайтынан соңғы статистикалық ақпараттарды жиынтықтап, талдау жасалды. Талдау қонақүйлердің жалпы санының өсу динамикасы, олардың санаттар бойынша жіктелуі, сондай-ақ әртүрлі санаттағы қонақүйлерде көрсетілетін қызметтердің көлемі негізінде жүргізілді. Талдау нәтижесінде Қазақстандағы қонақүй бизнесінің болашаққа болжамы жасалып, оған түнгі аудиттің қаншалықты әсер ететіндігі жайлы қорытынды ұсынылды.


Нәтижелер және оларды талқылау

Осы уақытқа дейін қонақүйлердегі түнгі аудит тақырыбында жазылған жұмыстар өте көп және оның әрқайсысы түнгі аудиттің ерекшеліктерін әрқилы жеткізген. Мәселен, Самуэль Кабир Рахат [1] түнгі аудиттің 2 бағыты бар деп атап өткен. Біріншісі, Кросс-сілтеме процесі арқылы фронт-офистің бухгалтерлік есебіндегі қателерді анықтау және түзету. Екіншісі, бухгалтерлік және басқару есептерін құру (мысалы, орташа мөлшерлеме, қол жетімді бөлме үшін кіріс (RevPAR), толтыру пайызы, пакеттік жоспарларды және басқа маркетингтік бағдарламаларды пайдалану, және сондай-ақ бос емес топтық нөмірлер мен тегін нөмірлер саны). Түнгі аудит процесі түнгі аудитор ұғымымен тікелей байланысты. Осы тұрғыда Шилова В.Т. [2] түнгі аудитор - бұл стандартты емес жағдай туындаған кезде тез әрекет ететін және мәселені шешу үшін кімге жүгіну керектігін білетін қонақ үй қызметкері және түнгі аудитордың негізгі функциялары - қонақ үй клиенттерге берілген тауарлар мен қызметтер үшін ақы алғанын бақылау деп атап көрсетті. Түнгі аудиттің қонақүй үшін маңыздылығы өте жоғары. Бұл туралы Марко Монгиелло [3] келесідей атап өткен: Түнгі аудит - бұл қонақ үйдің бухгалтерлік функциясының маңызды бөлігі. Түнгі аудит кезінде қаржылық қызмет қонақ үйдің фронт-офисінің қаржылық операцияларының дәлдігі мен сенімділігін талдау және тексеру үшін қолданылады. Аталған авторлық тұжырымдар түнгі аудиттің қонақүй бизнесіндегі өзектілігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Қонақүйдегі түнгі аудит қонақүй кәсіпорнының бухгалтерлік процесінде маңызды кезең болып табылады. Осы процестің шеңберінде қонақүйдің бір күнде болған барлық қаржылық операцияларын тіркеу, талдау және салыстыру жүзеге асырылады, содан кейін оларды бухгалтерлік құжаттардың тиісті бөлімдерінде ескереді.

Қонақүйлер тәулік бойы, күн сайын, демалыс күндерінсіз жұмыс істейді және қонақтардың келу және кету процесі күні бойы жүреді. Әр қонақ шыққан сайын қонақүй қызметкерлері қолма-қол ақшамен немесе несие карталарымен жасалған транзакцияларды қадағалауға міндетті. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін қонақүйлер қонақтардың тұруы және олардың транзакциялары туралы есептерді мұқият жазып, келісуі керек. Түнгі аудит кірістерді әртүрлі кіріс көздерімен байланыстыруға бағытталған. Атап айтқанда, бұл процесс қонақүйдің күнделікті түсімдері мен шығындарын бағалайды және жабады. Сондай-ақ, күнді аяқтау процесі ретінде белгілі, ол бір жұмыс күнінен келесі күнге біркелкі ауысуды қамтамасыз етеді.

Түнгі аудит процессін тікелей жүргізетін адам ол – түнгі аудитор. Процесс барысында оның негізгі міндеттері келесілер болып табылады (Сурет 1).



Сурет 1 - Түнгі аудитордың міндеттері

Ескертпе: [4] дереккөз негізінде құралған

Түнгі аудит процесі қонақүйлерде тек қана түнгі уақытта жүргізілетін тексеріс түрі және бұл оның негізгі ерекшелігі. Жалпы түнгі аудитті жүргізудің 3 негізгі түрі бар (кесте 1).

Кесте 1 - Түнгі аудит жүргізу түрлері мен ерекшеліктері

Түнгі аудит түрі	Мәні	Ерекшеліктері
1	2	3
Автоматтандырылмаған	Автоматтандырылмаған жүйеде аудит процесін аяқтау үшін әдетте төрт негізгі форма қолданылады. Жүйе сонымен қатар қонақүйдің салық орталықтары берген және кейіннен өндеу үшін тіркеу үстеліне берілген төлем түбіртектерін пайдалануды қамтиды.	Аудиттің төрт негізгі формасына мыналар жатады: • Күнделікті және қосымша оқиғалар жазбалары. • Қонақтар мен өткен іс-шараларға арналған құжат. • Фронт-офистің кассалық есептері. • Аудит бойынша жиынтық есептер.
Жартылай автоматтандырылған	Жартылай автоматтандырылған жүйенің мәні оның есепке алу машиналарды қолдануында. Қонақтардың шығындарын есепке алу машиналары шығындарды парақтарға жазады және сонымен бірге қабылдау бөлімі мен түнгі аудиторлардың жұмысын жеңілдететін бірқатар басқа әрекеттерді орындайды.	Есепке алу машиналары электромеханикалық немесе электронды болуы мүмкін. • Механикалық есепке алу машиналары ведомстволық қорытындылардың шектеулі санын ғана бере алады, қалдықтарды жеке парақтарда сақтамайды және басқа жабдыққа (мысалы, тамақ пен сусындарды сату жүйелеріне) қосыла алмайды. • Электрондық есеп машиналары негізінде компьютерлер болып табылады. Оларды механикалық машинадан гөрі бөлімдер бойынша қорытынды деректерді алу үшін бағдарламалауға болады. Сонымен қатар, көптеген электрондық есепке алу машиналары парақтардағы қалдықтарды өзінің жадында сақтай алады және парақты басып шығару үшін келесі бос орынға автоматты түрде жылжыта алады.
Толық автоматтандырылған	Толық автоматтандырылған жүйенің мәні түнгі аудит процесін толықтай бағдарламалық комплекс есебінен жүргізу. Үш жұмыс режимінің ішінде толық автоматтандырылған	• Компьютерлік жүйелер түнгі аудиторға транзакцияларды тексеруге және фронт-офис қызметін талдауға көп уақыт жұмсауға, ал бухгалтерлік жазбаларды жүргізуге аз уақыт жұмсауға мүмкіндік береді. • Шоттардағы қалдықтарды бақылау және шот-фактураларды тексеру қонақтар мен іс-шаралар бойынша бухгалтерлік кітаптардың аудит деректерін теңгерімдеу үшін фронт-офистің


	аудит процесі ең жылдам, тиімді және сенімді болып табылады.	күнделікті есебімен салыстыратын жеңілдетілген процедураны қажет етеді. Бұл құжаттар теңдестірілмеген кезде, әдетте, компьютердің ішкі мәселесі немесе деректерді өңдеудің ерекше қателігі пайда болады. • Компьютерлік жүйелер жазбаларды қолмен жасауға қарағанда тезірек ұйымдастыра, құрастыра және басып шығара алады.
Ескертпе: [5] дереккөз негізінде құралған		

Қазіргі таңда, категориялары жоғары әрі қонақ жиі келетін қонақүйлер аудиттің жартылай автоматты немесе толықтай автоматтандырылған түрлерін қолданады. Бұл уақытты үнемдеуге және аудитті максималды қателіксіз жасаудың жақсы жолы. Аудитті автоматты түрде жүргізу үшін түрлі қонақүйлер әртүрлі бағдарламалық комплекстер қолданылады. Олардың қатарына, Oracle Hospitality Opera, eZee Front desk, Hotello, Roommaster, Hotelogix PMS секілді бағдарламалар кіреді.

Түнгі аудиттің негізгі мақсатының бірі таза өтелмеген қалдықты күнделікті есептеу. Оны есептеу арқылы қонақтардың көлемінің толықтығы жайлы уақытылы ақпарат алуға болады. Таза өтелмеген қалдықты келесі формуламен есептейді:

$$\text{Таза өтелмеген қалдық} = \text{алдыңғы қалдық} + \text{Дебеттер} - \text{Кредиттер}$$

Түнгі аудит оны сапалы өткізуді талап етеді. Ал, оның сапалы өтуі оның барлық кезеңінің дұрыс орындалуына байланысты. Жалпы, түнгі аудиттің негізгі 6 кезеңі бар (Сурет 2).



Сурет 2 - Түнгі аудит кезеңдері


Ескертпе: [6] дереккөз негізінде құралған

Қазақстандағы қонақүй бизнесі туристік индустрияны дамытуда және жергілікті тұрғындар үшін де, шетелдік қонақтар үшін де жайлы болуды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын экономиканың маңызды сегменті болып табылады. Бай мәдени мұрасы, әртүрлі табиғи ландшафттары және қарқынды дамып келе жатқан экономикасы бар ел әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристердің назарын аударады.

Соңғы жылдары Қазақстан өзінің туристік көрікті жерлеріне, бизнес-оқиғаларына және мәдени мұрасына қызығушылықты арттырып келеді. Бұл өсу қонақүй инфрақұрылымының дамуына ықпал етеді, жаңа қонақүй жобаларының пайда болуын ынталандырады және бұрыннан бар қонақүйлерде қызмет көрсету стандарттарын арттырады.

Аталған факторлар Қазақстанның соңғы жылдардағы қонақүй сандарының артуына әкелді. 2019 жылдың қаңтар айында еліміздегі жалпы орналастыру орындарының саны


3449 бірлік болса, 2023 жылы желтоқсан айында 4009 дейін артқан. 4 жыл ішінде бұл көрсеткіш 16,2%-ға артқан (Сурет 3).



Сурет 3 - 2019-2023 жылдар арасындағы орналастыру орындарының динамикасы, бірлік

Ескертпе: [7] дереккөз негізінде құралған

Қазақстандағы қонақүйлер 7 түрлі санат бойынша бөлінеді. Ең жоғарғы санаттағы, яғни 5 жұлдызды қонақүйлер саны 2023 жылы 25 болды. Бұл барлық орналастыру орындарының 0,6%-ын ғана құрады. Келесі жоғары санатты болып саналатын 4 және 3 жұлдызды қонақүйлер, сәйкесінше 1,44% және 0,82% құрады. Бұл дегеніміз категориясы жоғары қонақүйлер даму кезеңінде екендігін көрсетеді. 2023 жылғы қорытынды бойынша санаты жоқ қонақүйлер саны санаты бар қонақүйлерден әлдеқайда көп (Сурет 4).




Сурет 4 - Қазақстандағы орналастыру орындарының санаттар бойынша бөлінісі

Ескертпе: [7] дереккөз негізінде құралған

Санаты жоқ қонақүйлер немесе өзге де орналастыру орындарында түнгі аудит процесі аса қажет деп айту қиын. Себебі, ол жерде табыс көлемі мен бухгалтерлік есептер, оны түнгі аудит көмегісіз есептеуге мүмкіндік береді. Көп жағдайда түнгі аудит жоғарғы санатты қонақүйлерде қолданылатын тексеру жолы. Жалпы, Қазақстандағы 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында санаты бар қонақ үй қызметтерін 1 374 мың адам қолданған. Оның ішінде ең жоғарғы көрсеткіш 4 жұлдызды қонақ үйлер 44,3%, екінші орын

5 жұлдызды қонақүйлер 41,4% және 3 орында 3 жұлдызды қонақүйлер 13,2% құрады (сурет 5).



Сурет 5 - 2023 жыл қыркүйек-желтоқсан айларындағы орналастыру орындарында көрсетілген қызмет көлемі

Ескертпе: [7] дереккөз негізінде құралған

Қорытынды

Түнгі аудит қонақүй қызметтерін ұсынудың технологиялық процесін жүзеге асыруда басқару функциясын жүзеге асырудың есеп-аналитикалық негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар ішкі есептер мен статистиканың көзі болып табылады. Түнгі аудиттің теориялық негіздерін зерттеу бақылау процедураларының міндеттерін анықталған қауіпті жағдайларға бейімдеуге және түнгі аудит процесінің ресурстарын қонақүй кәсіпорындары қызметінің проблемалық аспектілеріне шоғырландыруға мүмкіндік береді. Алайда, Қазақстан нарығында түнгі аудитті барлық санатты қонақүйлерге ұсыну дұрыс шешім болмайды. Шектеулі қонақтары бар үнемді қонақүйлер үшін түнгі аудит айтарлықтай қымбатқа түседі. Мұндай қонақүйлерде қаржылық бақылау ұйымның бас бухгалтерінің тексерістерімен шектелген жөн. Себебі арзан қонақүйлерде күнделікті тексерулерді автоматты түрде және сапалы жүргізетін бағдарламалық жасақтама пакеті қымбат. Табыс көзі орташадан жоғары болатын 3, 4, 5 жұлдызды қонақүйлерге түнгі аудит қаржылық бақылау сапасын арттыру үшін, болған қателіктерді анықтау үшін таптырмас құрал. Қонақүй кәсіпорындарының тиімді жұмыс істеуіндегі түнгі аудиттің рөлін ескере отырып, әрі қарайғы зерттеулердің перспективалық бағыты қонақүйлердің қызметіне процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуді кешенді зерттеу болып табылады. Алынған қорытындылар нақты ғылыми білімді толықтырып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстандағы қонақүй секторындағы цифрландыру мен басқару сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды ұсынады. Болашақта бұл бағытта түнгі аудитті Big Data, BI-талдау жүйелері және ERP платформалармен интеграциялау мүмкіндіктерін қарастыру – зерттеуді жалғастыру үшін тиімді бағыттардың бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Rahat S. K. Role of Night Audit on the Perspective of Hotel Bengal Blueberry [Электрондық ресурс]. – 2019. — URL: https://www.academia.edu/38039893/ Role_of_Night (дата обращения: 09.11.2024)
- 2 Шилова Т.В., Прокудина Д.О. Проблемы и пути совершенствования ночного аудита, и передача по окончании смены в отеле Marriott [Электрондық ресурс] //ббк ч 448.0, 466 я 4 п 56 организационный комитет конференции. 2021 — С. 265. — URL: <https://vsuet.ru/images/science/conferences/2021/12/conf-4/mat.pdf#page=265> (дата обращения: 09.05.2024)

- 3 Pizam A. International encyclopedia of hospitality management [Электрондық ресурс]. – Routledge, 2020. — URL: <https://api.taylorfrancis.com/content/books/mono/download?identifierName=doi&identifierValue=10>. (дата обращения: 25.11.2024)
- 4 Bardi J.A. Hotel front office management [Электрондық ресурс] / J.A. Bardi. – New Jersey : John Wiley & Sons, Inc, 2003. – 447 p. — URL: <https://students.aiu.edu/submissions/profiles/resources/onlineBook/> (дата обращения: 24.11.2024)
- 5 3rd Semester IHM Notes [Электрондық ресурс] / IHM – Shri Shayam Docs, 2018. — URL: <https://www.ihmnotes.in/assets/Docs/Sem-3&4/Front%20office/Ch-5%20NIGHT%20AUDITING.pdf> (дата обращения: 30.11.2024)
- 6 Михайлова Н. В., Володько О. В., Рibaкова С. С. Theoretical Aspects of Night Audit at Hotel Enterprises [Электрондық ресурс]. – 2021. - URL: <http://dSPACE.puet.edu.ua/handle/123456789/10829> (дата обращения: 09.05.2024)
- 7 Қазақстан Республикасындағы орналастыру орындарының қызметі туралы (2023ж. Қаңтар-Қыркүйек) [Электрондық ресурс] / Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. — URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (қаралу уақыты: 18.09.2024)

ОПТИМИЗАЦИЯ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ: СПЕЦИФИКА ПРОЦЕССА НОЧНОГО АУДИТА И ЕГО ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Аннотация

Гостиничный бизнес - это отрасль, которая требует строгого финансового контроля. По мере развития туризма в стране вырос спрос на качественные отели высокой категории. Растущий спрос продемонстрировал новые способы экономического управления отелями, и один из них - анализ ежедневного финансового состояния отеля с помощью ночного аудита. Цель исследования в целях повышения качества управления гостиничным бизнесом в Казахстане предложить конкретные пути оптимизации этого процесса путем всестороннего изучения содержания процесса ночного аудита, особенностей организации и его влияния на эффективность гостиничной деятельности. В статье представлен процесс ночного аудита, его сущность и особенности, проведен анализ эффективности на гостиничном рынке Казахстана. Количество гостиниц высшей категории в Казахстане в настоящее время растет, и актуальность данной темы объясняется увеличением гостиничных номеров. В ходе написания статьи была изучена статистическая информация по местам размещения в Казахстане и работам на эту тему. Поскольку в нашей стране мало работ по данной теме, в качестве основного источника информации использовалось большое количество зарубежной литературы. Исследование показало, что ночной аудит очень эффективен для проверки и прогнозирования ежедневных доходов и расходов отеля, неоплаченных отчетов гостей. Поэтому можно сказать, что ночной аудит - это вид проверки, предлагаемый отелям Казахстана, в частности, отелям высшей категории.

Ключевые слова: гостиница, ночной аудит, финансовая прозрачность, бухгалтерский учет, фронт-офис, дебиторская задолженность

OPTIMIZATION OF THE HOTEL BUSINESS IN KAZAKHSTAN: THE SPECIFICS OF THE NIGHT AUDIT PROCESS AND ITS EFFECTIVENESS

Abstract

The hotel business is an industry that requires strict financial control. With the development of tourism in the country, the demand for high-quality hotels of a high category has increased. The growing demand has demonstrated new ways of economic management in hotels, one of which is analysing the daily financial condition of the hotel through an overnight audit. The purpose of the study in order to improve the quality of hotel business management in Kazakhstan is to propose specific ways to optimize this process through a comprehensive study of the content of the night audit process, the specifics of the organization and its impact on the effectiveness of hotel activities. The article presents the process of night audit, its essence and features, and examines the effectiveness of the hotel market in Kazakhstan. The number of hotels of the highest category in Kazakhstan is currently growing, and the increase in hotel rooms explains the relevance of this topic. During the writing of the article, statistical information on locations in Kazakhstan and works on this topic were studied. Since there are few works on this topic in our country, a large amount of foreign literature was used as the primary source of information. The study demonstrated that the night audit is highly effective for checking and forecasting daily income and expenses, as well as unpaid guest reports, at the hotel. Therefore, we can say that a night audit is a type of audit offered to hotels in Kazakhstan, particularly those of the highest category.

Keywords: hotel, night audit, financial transparency, Accounting, front office, accounts receivable

REFERENCES

- 1 Rahat S. K. Role of Night Audit on the Perspective of Hotel Bengal Blueberry [Электрондық ресурс]. – 2019. — URL: https://www.academia.edu/38039893/ Role_of_Night_Audit_on_the [in English] (accessed: 09.11.2024)
- 2 SHilova T.V., Prokudina D.O. Problemy i puti sovershenstvovaniya nochnogo audita, i peredacha po okonchaniy smeny v otele Marriott [Problems and ways to improve night audit and end of shift handover at Marriott Hotel] //bbk ch 448.0, 466 ya 4 p 56 organizacionnyj komitet konferencii. 2021 – 265 p. — Available at <https://vsuet.ru/images/science/conferences/2021/12/conf-4/mat.pdf#page=265> [in Russian] (accessed: 09.05.2024)
- 3 Pizam A. International encyclopedia of hospitality management [Электрондық ресурс]. – Routledge, 2020. — URL: <https://api.taylorfrancis.com/content/books/mono/download?identifierName=doi&identifierValue=10>. [in English] (accessed: 25.11.2024)
- 4 Bardi J.A. Hotel front office management [Электрондық ресурс] / J.A. Bardi. – New Jersey : John Wiley & Sons, Inc, 2003. – 447 p. — URL: <https://students.aiu.edu/submissions/profiles/resources/onlineBook/> [in English] (accessed: 24.11.2024)
- 5 3rd Semester IHM Notes [Электрондық ресурс] / IHM – Shri Shayam Docs, 2018. — URL: <https://www.ihmnotes.in/assets/Docs/Sem-3&4/Front%20office/Ch-5%20NIGHT%20AUDITING.pdf> [in English] (accessed: 30.11.2024)
- 6 Mihajlova N. V., Volod'ko O. V., Ribakova S. S. Theoretical Aspects of Night Audit at Hotel Enterprises. [Theoretical Aspects of Night Audit at Hotel Enterprises] – 2021. — Available at URL: <http://dspace.puet.edu.ua/handle/123456789/10829> [in English] (accessed: 09.05.2024)
- 7 Qazaqstan Respublikasyndaǵy ornalastyru oryndarynyń qyzmeti turaly (2023j. Qańtar-Qyrkúiek) [About the activities of placement centers in the Republic of Kazakhstan] / Últtyq statistika búrosynyń resmi saity. — Available at URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> [in Kazakh] (accessed: 18.09.2024)

Information about authors:

Saule Saparbayeva - candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Accounting and analysis L. N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan

E-mail: saulet71@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1686-5052>

Altynbek Torekhanuly - **author-correspondent**, 1st year master's student of the specialty 7M04104-accounting and Audit: Accounting and analysis, L. N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan

E-mail: torehanuly2000@mail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-4094-8768>

Gabit Zhuman - 1st year master's student of the specialty 7M04104-accounting and Audit: Accounting and analysis, L. N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan

E-mail: zhuman.gabit@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9628-4584>

Bazhan Turebekova - candidate of Economic Sciences, Associate Professor, Department of Management, Department, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: turbekova.bazhan@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0946-9211>

Информация об авторах:

Сауле Сапарбаева - кандидат экономических наук, доцент кафедры бухгалтерского учета и анализа Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, 010008, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: saulet71@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1686-5052>

Алтынбек Тореханулы - **основной автор**, магистрант 1 курса специальности 7M04104-бухгалтерский учет и аудит: учет и анализ, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 010008, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: torehanuly2000@mail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-4094-8768>

Габит Жуман - магистрант 1 курса специальности 7M04104-бухгалтерский учет и аудит: учет и анализ, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 010008, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhuman.gabit@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9628-4584>

Бажан Туребекова — кандидат экономических наук, ассоциированный профессор, кафедра «Менеджмент», Высшая школа экономики и бизнеса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: turebekova.bazhan@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0946-9211>

Авторлар туралы ақпарат:

Сәуле Сапарбаева - экономика ғылымдарының кандидаты, Есеп және талдау кафедрасының қауымдастырылған профессоры Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: saulet71@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1686-5052>

Алтынбек Төреханұлы - **негізгі автор**, 7М04104 – Есеп және аудит: есеп және талдау мамандығының 1 курс магистранты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: torehanuly2000@mail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-4094-8768>

Ғабит Жұман - 7М04104 – Есеп және аудит: есеп және талдау мамандығының 1 курс магистранты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhuman.gabit@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-9628-4584>

Бажан Түребекова – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Менеджмент» кафедрасы, «Экономика және бизнес жоғары мектебі», Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: turebekova.bazhan@kaznu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0946-9211>